

ДЕНІ САУ ҰЛТ



Мемлекет басшысы **Н.Назарбаев** Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты сай болуы үшін салауатты өмір салтына бейімдеу қажеттігін баса айтып келеді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР – КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ

Осы орайда 12 қаңтар күні университет жанындағы «Нива» спорттық-сауықтыру базасында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың 50 жылдық мерейтойына орай «Денсаулық – 2013» спартакиадасы аясында дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Л.Федорченко мен спортклуб төрағасы Р.Тұрдалиевтің бастамасымен профессор-оқытушылар арасында спорттық сайыс ұйымдастырылды. Білім ордасының ректоры Қазыбай Бозымов салауатты өмір салтын қалыптастыру ең қажетті әрі пайдалы іс екеніне тоқталды.

Бұдан соң профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер, магистранттар шаңғымен сырғанап, спорттың жеті

түрі бойынша, атап айтқанда шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, қол күрес, мылтықтан ату т.б. сайысқа түсіп, спортқа деген зор сүйіспеншіліктерін көрсетті.

Зейнеткерлік жасқа келген оқытушылар Матияс Хамитұлы, Николай Колмоец, Мәлік Шөлменұлы, Рахметолла Құсайынұлы және аға буын өкілдері Едіге Ғалуұлы, Тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ақылбек Ұзақбайұлы, Гибрат Сұңғатұлы және барлық факультеттің декандары таза ауамен тыныстап, жас оқытушылардан қалыспады.

Айта кетейік, дене тәрбиесі кафедрасы жанындағы «Сұңқар» клубының бастамасымен ұйымдастырылатын мұндай

шараларға университеттің профессор-оқытушылары жыл сайын қатысып, жақсы дәстүрді жалғастырып келеді.

Жарыс қорытындысы бойынша политехникалық факультет бірінші орынға шықса, екінші орынды машина жасау факультеті, үшінші орынды қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері иемденді. Агрономия факультеті – төртінші, ветеринарлық медицина және биотехнология факультеті бесінші орындарды қанағат тұтты.

М.САНАҚҰЛЫ,
жастар ісі жөніндегі
комитеттің төрағасы